

9 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала, әңгіме, эссе);
- 2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
- 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі бойынша жазбаша емтихан.

11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан;
- 2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;
- 4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан;
- 5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі) жазбаша емтихан.

9 сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – 2 астрономиялық сағат, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – 3 астрономиялық сағат (физика-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді.

.11 сыныпта қазақ тілі жазбаша емтиханға 3 астрономиялық сағат, алгебра және анализ бастамалары бойынша 5 астрономиялық сағат бөлінеді.

Жазбаша жұмыстарды орындау үшін білім алушыларға мектептің мөртабаны басылған қағаз беріледі.

Орындалған жұмысты жоба жазбаларымен бірге білім алушылар Комиссияға тапсырады.

Жұмыстарын емтиханға арналып бөлінген уақыт ішінде аяқтай алмаған білім алушылар аяқталмаған қалпында тапсырады.

Математика (алгебра) бойынша "2" және "5" деген бағаға бағаланған жазбаша жұмысқа мектеп Комиссиясы рецензия береді.

9 (10) және 11 (12) сыныптарда жұмыстар балдарды қою схемасына сәйкес тексеріледі.

9 (10) және 11 (12) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шәкілі

Баға	Максимальды балл 30 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 40 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 50 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 60 болған пәндер үшін балдар
"2"	0-11	0-15	0-19	0-23
"3"	12-19	16-25	20-32	24-38
"4"	20-25	26-33	33-42	39-50
"5"	26-30	34-40	43-50	51-60

